

Дыбысты машықтандыру кезеңіндегі логопедиялық сабақ жоспары

Білім беру саласы: Коммуникация

Сабақтың тақырыбы: «Ж» дыбысы

Мақсаты: «Ж» дыбысын сөздің басында, ортасында анық, дұрыс айтуға машықтандыру.

Міндеттері:

Түзету білімділік: «ж» дыбысының артикуляциясы мен жеке айтылуын бекіту, дыбысты анық айтуға дағдыландыру.

Түзету дамытушылық: фонематикалық қабылдауын дамыту, ойын тапсырмалар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Түзету тәрбиелік: Сөйлеу тіл мәдениетіне, толық сөйлеуге тәрбиелеу.

Сабақ түрі: жеке сабақ

Керекті құрал-жабдықтар: гүлдердің суреттері, ара суретінің бөліктері, айна, кюзинер таяқшасы

Әдіс-тәсілдер: көрсету, үлгі арқылы, әңгімелесу, сұрақ-жауап

Іс-әрекет кезеңдері	Логопедтің әрекеті	Баланың әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	-Салеметсің бе, Асан! Шаттық шеңбер. Жарық болса күніміз, Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер, Біз болашақ гүліміз.	Амандасады.
Мотивациялық-қозғаушы	-Асан, көңіл-күйін жақсы ма? Олай болса, өзіннің қаншалықты білімді, ақылды екенінді көрсете ғой. Асан, дыбыс пен әріптің айырмашылығын білесің бе, қане айтып көрейік. -Дұрыс айтасың. Асан қазір мен жұмбақ жасырамын, сен ойланып жауап бер, келістік пе? Гүлдерге қонады, Шырынын сорады. Түр-түсі сары-ала. -Жақсы, ара қандай дыбыс шығарады? -Асан, қане ж дыбысын айтып көрейікші, ол үшін біз тілімізге жаттығу жасап алайық. «Түтікше» «Тіс тазалау» «Саңырауқұлақ» «Тәтті тосап» -Ж дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тістер дыбысты жібермей тұрады. Тіл жоғары көтеріліп, таңдайға тимей тұрады, бүйірлері азуға тиеді. - Асан, қарашы, мына гүлдерге біреу хат қалдырып кетіпті, қане оқып көремізбе? - «Балалар, мен мына әдемі гүлдерге қонамын деп, достарымнан адасып	йя Әріпті көреміз, жазамыз, оқимыз, дыбысты естиміз, айтамыз. Ара Ж-ж-ж-ж-ж-ж Тыңдайды, қайталайды

	қалып едім, соларды іздеп жүрмін, маған сендердің көмектерін керек еді. Көмектесеміз бе Асан? Асан олай болса алдымен Серігіп алайық. Саусақтарға қарандар, Бұл кішкентай балалар. Топырлатып жүреді, Көңілденіп күледі. Жаттығуды енді сен, Бірге жаса менімен. Жинап алып күшінді, Көрсет маған ішінді. Сымбатты болып келеміз, Сәл еңкейді денеміз. Аман-сау боп ағзамыз, Түзу болды арқамыз. -жақсы, енді хат кімнен екенін анықтап алайық. Ол үшін хатты жалғастырайық 1. Маған достарымды табу үшін ара сияқты дыбыстап, шақыру керек. 2. Ж дыбысынан келетін мына сөздерді буындап айт. 3. Аралар туралы мәлімет білесің бе?» -Асан, біз үшінші тапсырмаға жаңылтпашпен жауап берейік жақсы ма? -Жарайсың, Асан! «суретті құрастыру» Араның суретінің бөліктерін құрастырады. - Біз араның тапсырмасын орындадық, ол достарын тапты деген ойдамыз.	Ия Әрине. Ж-ж-ж-ж-ж-ж Жа-жа-жапалақ Жо-жо-жолбарыс Жу-жу-жусан Жи-жи-жидек Жә-жә-жәшік Ара, ара, аралар, Орманның бәрін аралар. Гүлдерден сорып бал алар.
Рефлексия	Асан, сен бүгін өз білімінді, ақылдылығыңды көрсете білдің. Жарайсың, Асан. Саған ұнады ма бүгінгі сабақ, несімен ұнады? Бүгін қандай дыбысты үйрендік?	Асанның жауабы, ойы.

Біледі: «ж» дыбысын дұрыс айта біледі.

Меңгереді: сөздің басында, ортасында табуды меңгереді.

Игереді: «ж» дыбысын сөзде қолдануды игереді.